

## ҚР МК жанындағы ҚР КК 16.10.95 жылғы N 145-П, N 147-П бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті 1997 жылғы 2 маусымдағы N 148 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 28 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 47. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің 2000.03.18. N 93 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің нормативтік актілерін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 7-ші қарашадағы N 147-П қаулысына сәйкестендіру мақсатында, сондай-ақ бюджетке кеден төлемдері мен салықтарының түсуіне бақылауды тәртіпке келтіру мақсатында б ұ й ы р а м ы н :

1. П. 2.2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитетінің 1995 жылғы 16-қазандағы N 145-П бұйрығымен бекітілген уақытша сақтау туралы (Уақытша сақтау қоймалары) Ереже төмендегідей редакцияда ж а з ы л с ы н :

"Лицензия алу үшін баспана иесі, қызмет аймағында баспана орналасқан кеден органына өтініш береді, лицензия бергені үшін 8000 ЭКЮ мөлшерінде ж и н а л ы м т ө л е й д і " .

2. П. 2.4. Уақытша сақтау туралы (уақытша сақтау қоймалары туралы) Ереже" - 5000 АҚШ доллары эквивалентінде кеден төлемдері мен салықтарын төлегені туралы банк кепілдігі" деген сөзбен толықтырылсын.

Кеден төлемдері мен салықтарын төлеу уақытша сақтау қоймалары қызметінің бүкіл мерзімінде банк кепілдігімен қамтамасыз етілуі тиіс. Инфляция есептелген кепілдік мерзімі шектеусіз әрекет ете алады. Инфляция есептелмеген кепілдік үш айдан соң қайта басталуы тиіс.

3. П. 2.9. Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитетінің 1995 жылғы 16 -шы қазандағы N 147-П бұйрығымен бекітілген кеден қоймалары туралы Ереже төмендегідей редакцияда ж а з ы л с ы н :

"лицензияның әрекет ету мерзімі 3 жыл кұрайды. Кеден қоймасының мекемесіне лицензия беру үшін, қойманың жалпы алаңына байланысты:

- қойманың жалпы алаңы 1000 шаршы метрге дейін болса - 9000 мың ЭКЮ кө л е м і н д е ;

- қойманың жалпы алаңы 1000 шаршы метрден жоғары 2000 шаршы метрге дейін болса - 14000 мың ЭКЮ көлемінде;

- қойманың жалпы алаңы 2000 шаршы метрден жоғары болса - 19000 мың  
Э К Ю к ө л е м і н д е  
жіктеу жиналымы алынады.

4. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің кеден бақылауын  
ұйымдастыру басқармасы осы бұйрықтың мазмұнын жергілікті жерлердегі кеден  
мекемелеріне жеткізсін.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркеуден  
өткен сәттен бастап күшіне енеді.

Т ө р а ғ а